

Өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 71 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 18-02/43 бұйрығы қараңыз.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері енін белгілеу ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 23 қаңтардағы

N 71 қаулысымен

бекітілген

Өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салу белдеулерінің енін белгілеу ережесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Осы Өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулеріне (бұдан әрі – тыйым салу белдеулері) осы су объектілеріне мемлекеттік орман қорының іргелес аумағы жатады, онда су ресурстарын сақтауға және жинауға, су объектілерінің ластануына, былғануына және батпақтануына жол бермеуге, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын сақтауға бағытталған жағдайлар жасау мақсатында орман пайдалануды шектеудің тапсырыстық режимі белгіленеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Тыйым салу белдеулерінің ені, оларды пайдалану режимі орман орналастыру кезінде су объектілерінің балық шаруашылығы маңызы мен экологиялық жай-күйі ескеріле отырып, физика-географиялық, топырақ гидрологиялық және басқа да шарттар басшылыққа алынып, орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекітетін орман орналастыру жобаларымен белгіленеді.

4. Жайылмасыз өзендерде немесе кәдімгідей жайылмасы жоқ өзендер учаскелерінде тыйым салу белдеулерінің ені орташа көпжылдық межелі су деңгейінің мөлшері бойынша, ал су арнасы сағаларға тармақтанып кетсе, сыртқы сағаның жағалауы бойынша осы нормативпен анықталады. Өзен ені 1 километрден астам жоғары көтерілген өзен аралығын қамтитын сағаларға бөлініп кетсе, әрбір сағаның жағалаулары бойынша тыйым салу белдеулердің ені

осы өзеннің қалған бөлігінде қалай болса, дәл солай белгіленеді.

Анық білініп тұрған жайылмасы бар өзен бойында тыйым салу белдеулерінің ені жайылманың енінен және ені осы Ережеге сәйкес айқындалатын оған жанасқан белдеудің енінен тұрады.

Жағалауларында тыйым салу белдеулері оқшау көрінетін өзендердің басталар тұсында бұл белдеулердің құрамына осы өзен жағалаулары бойынша белгіленген тыйым салу белдеуінің еніне тең радиуста өзеннің басталар тұсындағы аумақ е н г і з і л е д і .

Тыйым салу белдеуінің сыртқы шекарасын белгілегенде ол мүмкіндігінше табиғи шептермен немесе орамдық орман жолдарымен, бөліністер шекарасымен ұштастырылады, бұл ретте шекара өзеннің су жинайтын алаңының шегінен шығып кетпеуі тиіс, яғни бұл жағдайда ол су бөлетін шекара бойымен өтеді.

5. Көлдер мен арналы су қоймаларының, каналдардың төңірегінде тыйым салу белдеулерінің ені оларға келіп құйылатын немесе олардан ағып шығатын өзендердің бойында бөлінген белдеулерге тең белгіленеді.

Көлдерге, су қоймаларына немесе каналдарға бірнеше өзен келіп құйылатын немесе ағып шығатын жағдайларда су қоймасы, канал бойындағы тыйым салу белдеуінің ені ең кең арналы өзен бойынша қабылданады. Су қоймасы, канал бойындағы тыйым салынған белдеуінің ішкі шекарасы судың бірқалыпты толық деңгейінің мөлшерімен, ал көлдер бойында – орташа көпжылдық су деңгейінің м ө л ш е р і м е н ө т е д і .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) Қаулысымен.

6. Шағын өзендер (200 километрге дейін) және шаруашылық жүргізудің қарапайым жағдайлары қолданылатын және экологиялық жағдайы қолайлы өзендер үшін әр жағалау бойынша тыйым салу белдеулерінің ең тар ені - 500 метр м ө л ш е р д е белгіленеді.

7. Су жинағыштағы экологиялық жағдай шиеленіскен кезде балық шаруашылығындағы маңызы зор өзендер, су қоймалары мен каналдар үшін қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес тыйым салынған белдеулерінің ені әр жағалаудан 1000 метр мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) Қаулысымен.

8. Қотармалы су қоймалары, каналдар мен басқа да көлдер бойындағы тыйым салу белдеулерінің ені мынадай мөлшерде белгіленеді:

- 1) су айдынының акваториясы 2 шаршы километрге дейін болса – 300 метр;
- 2) су айдынының акваториясы 2 шаршы километрден асып кетсе – 500 метр.

Осы көлдер үшін тыйым салынған белдеуінің ішкі шекарасы орташа көпжылдық су деңгейінің жырығы бойымен өтеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Осы Ережемен белгіленген тыйым салу белдеулерінің мөлшері мен шекарасы қажет болған жағдайда орман орналастыру кезінде нақтылануы мүмкін.

Өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдары мен басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу ережесіне қосымша

Ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеуге арналған су айдындарының тізбесі

Ескерту. Тізім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Су айдындарының (өзендер, көлдер, су қоймалары мен каналдар) атауы	Өзендер келіп құйылатын су айдындарының атауы
1	2

Ө з е н д е р

Жайық	Каспий теңізі
Қиғаш	Каспий теңізі
Көшім	Жайық
Шаған	Жайық
Утва	Жайық
Елек	Жайық
Өр	Жайық
Ертіс	Обь
Уба	Ертіс
Үлбі	Ертіс
Қара Ертіс	Бұқтырма су қоймасы
Бұқтырма	Бұқтырма су қоймасы
Күршім	Бұқтырма су қоймасы
Қалжыр	Қара Ертіс көлі
Алқабек	Қара Ертіс көлі

Белөзек
Аққоба
Тополевка
Тобыл
Есіл
Аягөз
Ақсу
Қаратал
Лепсі
Іле
Сырдария

Қара Ертіс көлі
Қаба көлі
Марқакөл көлі
Ертіс көлі
Ертіс көлі
Балқаш көлі
Балқаш көлі
Балқаш көлі
Балқаш көлі
Балқаш көлі
Арал теңізі

Көлдер, су қоймалары және каналдар

Марқакөл		көлі
Балқаш		көлі
Қошқаркөл		көлі
Жалаңашкөл		көлі
Сасықкөл		көлі
Бұқтырма	су	қоймасы
Өскемен	су	қоймасы
Новошұльба	су	қоймасы
Сергеевка	су	қоймасы
Вячеслав	су	қоймасы
Қапшағай	су	қоймасы
Сәтбаев	атындағы	канал
Үлкен	Алматы	каналы
